

Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Мазмұны

Кіріспе..... 3

I тарау. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің мағыналық дамуы..... 5

1.1 Омонимдердің жасалу жолдары.....

1.2 Омонимдік құбылыстарға сипаттама.....

II тарау. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары.....

2.1 Омонимдер мен полисемияның ерекшелік тұстары.....

2.2 Омонимдік сөздердің өзгеру, түрлену жүйелеріне байланысты топтастырылуы.....

Қорытынды.....

Пайдаланылған әдебиеттер.....

Лексика көне гректің *lexikos* (сөздік) деген сөзі. Лексика сөзін бүкіл дүние жүзі халықтары қолданады және көпшілігінде термин ретінде қалыптасып кеткен. Бұл термин қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген. Осы лексика деген терминнің ұғымына тілдің жергілікті ерекшелігі де, сол бір тілдің говорлары да, диалектілері де енеді.

Лексиканың құрамына енген сөздерді тексеретін лексикология, мағыналарын тексеретін смаснология, шыққан төркінін тексеретін этимология, сөздік жасау, сөздерді жүйелі түрде жазнау ісін тексеретін лексикография кіреді. Бұған қосымша фразеология да іргелесіп отырады.

I тарау. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің мағыналы дамуы

Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп, мөлшерленіп крймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық байлығымен де белгіленіп отырады. Дәлірек айтқанда, тілдің дамуы сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, сапасымен де өлшенеді. Сөздің саға жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – сөздің көп мағыналығы. Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналығы (полисемия) дейміз. Сөздің көп мағыналығы – негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Неге десеңіз, бұлар – ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз, тағы мағыналар жасауға ұйытқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, саға жағынан да қарыштап дамып тұрақтанып әбден қалыптасқан. Сондықтан да бұлар көп мағыналы болып кездеседі. Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезінде аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін талай заман өткен сайын, олар бұрынғы меншікті бір мағынасының үстіне жаңадан бір я бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған. Мәселен, Қанат алғашында құстар мен шымбыл-шіркейлердің ұшып-

қонатын дене мүшесін білдірген. Онан кейін балықтың жүзу мүшесін, қаз үйдің көрегелерін (алты қанат ақ орда), арба-шананың үстін көрейтушісін салынған жапты (қанаты жоқ шанаға шөп аз сияқты), Кеңес үкіметі тұсында ұшақтың қанаты және белгілі бір нәрсенің орналасқан шегі, екі жағы (футбол алаңының оң жақ, сол жақ қанаттары т.б.) мағыналарын білдіріп, көп мағыналы сөзге айналды.

Сөзге қосылған жаңа мағына басқа жақтан келіп, өз-өзінен жамала қалмайды. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетімен, түрліше сыр-сипатынан келіп шығады. Сөз өзінің білдіретін затын, құбылысын, барлық қасиетімен толық бірден қамтып, суреттеп бере алмайды. Егер сөз өзінің білдіретін ұғымын барлық ерекшеліктерімен түгел жинақтап, бірден көрсеткен болса, онда сөз ауыспалы мағынада айтылмаған болар еді. Ал сөз ауыспалы мағынада жатсалмаған болса, онда тілде көп мағыналы сөздердің кездеспеуі мүмкін. Адам өмір шындығын уақыт озған сайын біртіндеп білгі берген. Заттың бойындағы барлық ерекше белгілерді біліп болғаннан кейін барып, ұғым дерексізденеді. Оларды білмей, менгермей тұрып, белгілі сөздер ауыспалы мағынада қолданылмайды. Адам бір затты алғаш көргенде, ең алдымен, оның сыртқы қасиеттерімен танысады. Сол қасиеттер кісінің сезім мүшелеріне әсер етіп өзінің ізін қалдырады. Адамның санасындағы белгілі бір зат туралы түсінік басқа бір затпен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың не сапасында, я болмаса атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. сол ұқсастықтың негізінде адамдар ұқсас келген екі я бірнеше затты бір атаумен атайтын болған.

Мәселен, судың асты мағынасындағы түп сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар: 1 Бір заттың төменгі, ішкі қабаты (ыдыстың түбі); 2. Өсімдіктің жер астындағы бөлігі (тамырдың түбін қопардық); 3. Өсіп тұрған немесе қазып алынған өсімдік (бес түп отырғыздық); 4. Түкпірдегі, шеткі (түп бөлмеде отыр); 5. Адамның шыққан тегі, арғы заты (мен сол керей ішінде

сінген Аз атаның баласы едім, түбім Қызай); 6. Бір нәрсенің жаны, қасы (Мәскеу түбінде фашистер талқан болды).

Сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты жалпы тарихи практиканың негізінде жасалады. Сөздің туындауы, қосымша мағыналары тілдік фактілердің негізінде ойлау қабілетіне сүйеніп қолданудан кейін шығады.

Өмірдегі танылған әрбір ұғым жаңа атаумен атауды керек етеді. Ең алғашқыда бір сөз бір мағынаға қабілетті білдіру үшін жұмсалған болса, кейіннен ол әлденеше ұғымды білдіру үшін қолданылады. Бұған біріншіден, адам баласының өмір заңдылығын терең тануы, білуі, сезінуі әсер еткен болса, екіншіден, оның мағына жағынан қорланып дамуына, оның алғашқы тура мағынасы негіз болған. Мәселен, адамзат пен жан-жануарлардың көру мүшесін көз деп атаймыз. Сонымен қатар, иенің көзі, есіктің көзі, терезенің көзі, күннің көзі, бұлақтың көзі деп те қолданамыз.

1.1 Омонимдердің жасалу жолдары

Қазақ тіліндегі омонимдердің жасалуының бірнеше амал-тәсілдерін Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалпақты «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде мынадай топтарға жіктеп көрсетеді:

1. Тілдегі көп мағыналы сөздердің есебінен сөздің семантикалық жақтан дамуы арқылы келіп шыққан омонимдер. Бұл тілшіліктегі ең енімді тәсіл. Мағыналарының бір-бірінен алшақтап дамуы нәтижесінде шыққандықтан, омонимнің мұндай түрлерін лексикалық тәсіл арқылы жасалған омонимдер дейміз. Мысалы,

Жал 1. Жан-жануардың желкесіне шыққан қыл. 2. Ұзыннан ұзақ созылып жатқан бөрес, қырка.

Көк 1. Көгерген түс. 2. Астан, әуе. 3. Көгеріп шыққан өсімдік.

Жыл 1. Ыстық пен суықтың аралық қалпы, қам жылым. 2. Жылы қалыпқа келу, жыпыңу.

Біж 1. Жауын-шашынның өтінен қжа беріс жер, ықтасын 2. Жауын-шашынға қарсы беттеме, соның ағынымен жүру.

Құндақ 1. Жане туған жас балаға арналған төсек-жабық. 2. Мылтықтың ұңғысын орнатарын іші қуысталған арнаулы ағаш. Көз көрмей көздегенмен не ғып тисін? Болғанмен қыран мылтық, тұзу құндақ.

Сөздің осындай мағыналық жақтан дамуы арқылы омонимдердің келіп шығуы тілдегі сөз тудырудың бір тәсіліне жатады.

2. Сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбыстық құрамы жағынан бірдейлесуі арқылы жасалған омонимдер. Тілдегі сөздер мен оның грамматикалық құрылысының ертедегі қалпы мен қазіргі күйі нақ бірдей болған дауге келмейді. Дәл бүгінге дейін олар не қпы даму процестерін бастан кешірген. Сан алуан фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде кейбір сөздер ең йуелгі дыбыстық тұлғасын жаңартып, басқадай сөздермен дыбысталуы жағынан үйлесіп келгенде, омонимге айналған.

Тілдің даму барысында осындай өзгерістерге ұшыраған әрбір омоним сыңарларын айқындай отырып, солардың өзгеруіндегі заңдылықтардың сырын ашу қажет.

Қазақ тіліндегі атқа салатын ер сөзінң бастапқы дыбысталу қалпы егер болған, онан кейінгі тілдің даму барысында сөз ортасынджы «т» дыбысының сусып түсіп қалу салдарынан, егер сөзі ер формасында ауысқан. Осылайша сөздік құрамда өлір сүріп келе жатқан еркек, батып, күйеу ұғылында жұмсалатын ер деген сөзбен бірдей болып айтылып, омоним жасалғандығы белгілі. Сол сияқты «бала табу» деген мағынадағы ту етістігінің көне тұлғасы тоғ, доғ болған, магадан іделген «байрақ, жалау» мағынасындағы ту заң есімнің көне тұлғасы тұқ, тұғ екендігі, ал тұмаған, тәлдемеген, балалардан деген ұғымдағы ту сын есімнің көне тұлғасы тұң, түл – болғандығы зерттеушілер сөз етіп жүр. Сонда бір заманджы дыбысталуындаш түрлі сөз өзгере, дами келе, кейінгі уақытта біркелкі дыбысталып, омонимге айналып кеткендігі байқалады. Мұнымен қабат туу деген одағайда ту болып

қысқарған. Ту баста, ту сонадан дегендегі ту сөзі де омонимдік қатарға қосылып тұр.

Қазақ тіліндегі ас, қыс, бас, құс деген зат есім мағынасындағы сөздер өзге туыстас түрік тілдерінің көпшілігінде аш, қыш, баш, құш болып айтылады. Тарихи тұрғыдан қарағанда, түрік тілдеріндегі тіл алды ш дыбысына аяқталған сөздердің варианты бұрын шыққан да, тіс дауыссызы с дыбысына аяқталған сөздердің варианты конвергенция құбылысының нәтижесінде кейін пайда болған. Қазақ тілінде ш дыбысының с дыбысына айналуы біркелкі жаңа омонимдік қатардың тууына негіз болғандығын көреміз. Мәселен, жоғарыдағы ас, қыс, бас, құс деген заттық ұғымдағы сөздер өздеріне ұқсас, дыбысталуы бірдей етістік сөздермен әрдайым омоним болып жұмсалады. Қазақ тілінде екі адам бір есімге ортақ болып келсе, екеуі адас болады. Адас деген сөз аттас деген сөздің конвергенциялық өзгеріске ұшырауынан пайда болғандығы сөзсіз. Бұл сөз «Жалғыз жұрп жол тапқанша, көптен бірге адас» (мақал) дегендегі адас деген етістіктен омонимдік топ құрап тұр. Демек, фонетикалық өзгерістің негізінде жасалған омонимдер тілімізде аз емес екендігі аңғарылады.

3. Аффикстер жалғану арқылы жасалған туынды омонимдер. Түбір сөзге әр түрлі қосымшалар қосылу нәтижесінде пайда болған омонимдер туынды омонимдер делінеді. Туынды омонимдерге біздің тіліміз ете-мәте бай. Бұлар мына сияқты енімді жұрнақтар арқылы келіп шыққан: а) Омонимдер -ма, -ме, -ла, -пе, -ба, -бе жұрнақтары арқылы жасалған. Мысалы, Айналма 1.Көшенің бұрыпатың жері, бұрыпыс. Жарқ етіп айналмадан шыға келді. Көңілі тасығандай, алып-ұшып (И.Байзақов). 2.Мал ауруы, делбе. Айналмамен ауырған аталдың басын итке тастамай, жағып жіберу керек (Ә.Әбішев).

Баспа 1.Газет-журнал, кітап басып шығаратын орын, мекеме. Республикада баспасөз бен баспа ісін жақсартуға бағытталған едәуір жұмыс істелді («Социалистік Қазақстан»). 2.Тамақ ауруы. Тамағы баста болып ауырған адам суық тамақ ішпеуі керек (ауызекі тіл).

ә) Омонимдер –ыс, -іс, -с жұрнақтары арқылы жасалған. Аңыз 1. Ұрыс, соғыс. Би-болыс арыздасып, безді мәрден, басташы атаман атыста өлген (Д.Еркінбеков). 2. Жатқал салып, төбелесу, қырысу, соғысу. Он сан ноғай бүткенде, Орманбет хан өлгенде, Қырық жылдай атысқан, Қызып қанға батысқан (Жалбыл).

Тіліс 1. Жіптен тігілген, жіп жүргізген жер. Етіктің тігісін сыртына қаратып, бышарыдан тікті. 2. Тігуге қатысу, араласу. Көріп ауылдың қыз-келіншектері келіп, үй тігісті (ауызекі тіл).

б) Омонимдер –ық, -ік, -қ, -к жұрнақтары арқылы жасалған. Қорық 1. Мал жайылатын шөбі мол жер. Қорыққа жайылған мал боранды аса елей қойған жоқ (С.Бегалпін). 2. Үрейлену, зәресі ұшыу. Су ішкелі бір өгіз барып еді бұлаққа, Бақалар қорқып, тарбақтап, Қашып шықты әр жаққа (Абай).

Ашық 1. Аузы жабылмаған, төбесі жоқ. Қабылдау залының төбесі ашық (М.Әуезов). 2. Қарны ашу, тамақтан тарыну. Алыңдар, күні бойы егісті аралап, ашығып қалдыңдар ғой! (С.Базберген).

Желік 1. Көңіл көтерушілік, есірушілік. Көңілге желік жүргеннен кейін мен Ғаббасқа тіпті соқпаймын болып кеттім (С.Мұқанов). 2. Дене берігіп шыққан ұсақ-ұсақ беріткен. Денеме желік шығып, түнімен қышып, ұйықтаптайды (ауызекі тіл).

4. Өзге тілдерден ауысқан сөздердің қазақтың төл сөздерімен дыбысталуы бірдей болуының нәтижесінде пайда болған омонимдер.

Қазақ тілінде араб, парсы және орыс тілдерінен ауысып келген қыруар кірме сөздер бар. Солардың кейбіреулері өздерінің түпнұсқадағы дыбысталу қалпын өзгертіп, ана тіліндегі бұрыннан келе жатқан қайсыбір сөздермен дыбысталу жағынан бірдейлесіп, омонимдер жасалған:

а) Араб және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер. Мысалы: арабтың күш-жігер мағынасындағы қайрат (қайрат) сөзі қазақ тіліндегі қайрат етістігімен тұр-тұлғасы бірдей келу нәтижесінде омоним жасалған. «Қырықтың бірі Қыдыр» дегендегі «Қыдыр» (Қызыр) – араб сөзі. Бұл сөз қазақтың ел қыдыру дегендегі қыдыр етістігі мен дыбысталуы бірдей келу

салдарынан омоним пайда болған. Меккеге барып, тірге қол тасырмай келген адамдарды қажы дейміз. Қажы – арабтың хажж деген сөзінің өзгерген түрі. Бұл сөз «Қар тәпкенге қажымас, қайран жылқы» (Абай) дегендегі қажы етістігі мен түр тұлғаты бірдейлесіп, омонимге айналған.

ә) Парсы және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер. Мысалы: Біреуге деп көр қазба, өзін түссін (мақал) дегендегі көр парсының *көр* деген сөзінің өзгерген түрі. Бұл сөз «Қалқамның нұқасың, көр көзім, бір кенел» (Абай) дегендегі көр етістігі мен дыбысталу жағынан үйлесіп, омоним жасалған. Сол сияқты парсының *әуен*, *ырғақ* мағынасындағы *саз* деген сөзі қазақ тіліне енген. Өнге кейде *сазбен*, кейде *сөзбен* қосылып отыр ел (Ә.Сәрсенбаев). Бұл сөз қазақтың *батпақ*, *пай*, *батпақ* мағынасындағы *саз* деген сөзбен тұталас келіп, омоним жасаған. Сондай-ақ, *мекен*, *орын* мағынасындағы *жай* сөзі парсы тіліндегі *джай* деген сөзден алынған. Ұлықтар жататын *жай* үш үйден құралған (М.Әуезов). Бұл сөз *қрнақтарға дастархан жайды*, *қол жайды* дегендегі *жай* етістігі мен дыбысталу жағынан омонимге айналып кеткен.

б) Орыс және қазақ сөздерінен жасалынған омонимдер. Мысалы: *Өгіздің мойнына салатын мойынұтұрық*, *мойын ағаш* деген мағынадағы *жарма* орыстың *жарма* деген сөзінің өзгерген түрі. *Шу-шумен жармадағы өгіздерін алдырды*. *Анда-санда өгіз дөлік* (Д.Әбілов). Бұл сөз қазақтың *жармалаған бидай*, *арға* дегендегі *жарма* сөзімен дыбысталу жағынан бірдей келіп, омоним жасалған. Сол сияқты *ат айдаушы*, *ағыл* деген мағынадағы *көшір* сөзі орыстың *кучер* деген сөзінен алынған. *Сенсең тондарына оранып, шана ішінде қалғып отырған бірең-саран көшірлер де байқалады* (М. Әуезов). Бұл сөз Орыс шаруаларына Қазақстан жеріне *көшіре* бастады (С. Кебеер). Дегендегі *көшір* етістігімен тұталас келіп, омонимге айналып кеткен. Сондай-ақ, орыстың *волесть* деген сөзі қазақ тілінде *болыс* болып өзгерген. *Мәз болады болысың*, *Арқжа ұлық қаққанға*, *Шелтірейтіп орысың*, *Шенді шекпен жапқанға*. (Абай). Бұл сөз *Ерден аласына болысып*, *үйдің керегесін жайысты* (С. Бегалпын) дегендегі *болыс* етістігімен дыбысталу жағынан үйлесіп, омоним жасалған. *Су ағызатын жыраны орыстар арық дейді*. Бұл сөз

қазақ тілінде арық болып қ дыбысы қ дыбысына айналып өзгерген. Колхозшылар суды Шүбәзенінен тартқан арықтан ішеді (С. Мұқанов). Сол өзгерістің нәтижесінде Арық атқа қамшы жау (мақал) дегендегі арық деген сөз есімнен бәл әеуі омонимдік топ құрған.

Тілде екі сыңары да кірме сөздер арқылы жасалған омонимдер де кездеседі. Мәселен, кемелгер, данышпан мағынасындағы дана сөзі мен орысша экземпляр деген ұғымдағы дана әеуі де парсы тілінен ауысқан. Бау-бақша өсіретін бақ пен бақыт ұғымындағы бақ деген сөздер араб тілінен келген. Орыс тілінен ауысқан салтанатты ойын-сауық ұғымындағы бал мен арабтан енген бал (Бал ашу дегендегі) бір-біріне омоним болып тұр.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі омонимдер сөздің мағыналық дамуы арқылы, сонымен қатар кірме сөздердің қазақтың төл сөздерімен үндесіп жақындасуы нәтижесінде жасала беретіндігін көрдік. Қазақ тіліндегі омонимдер мағыналары мен формаларына қарай лексикалық омонимдер, лексико-грамматикалық омонимдер және аралас омонимдер болып үшге жіктеледі. Лексикалық омонимдер тобындағы сөздер бір ғана сөз табына қатысты болады да, барлық жағдайда бір-біріне әй туғана не болып тұрады. Мысалы:

Кеден 1. Зат есім. Шет елге апара жатқан немесе шетелден әкеле жатқан тауарларды тексеретін орын.

Кеден 2. Зат есім. Ұрыс-керіс, қақтығыс, қияндық. Кеден-кеден болды, кедергі неден болды (мақал).

Бақыр 1. Зат есім. Адамзат, жан-жануардың ас қорыту, қан тарату қызметін атқаратын ішкі мүшесі.

Бақыр 2. Зат есім. Бірле туған қандас, ағайындас адамдар.

Омонимдердің жасалуы туралы І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұстафаев та мынадай негізгі жолдарды ұсынған:

Лексикамыздағы сөздердің мағыналық дамуы нәтижесінде омонимдер жасалады. Мұны лексикалық тәсіл дейді. Мысалы, бақыр сөзін алып көрейік. Мұның екі түрлі мағынасы бар: Бірі ақша, келесі бірі шелек.

Алар да мыс бақарды ашына сал.

Қу тамызық тез жабықаланып, ки жағыпты да... бақар да ашыпты.

Әр түрлі дыбыстардың сыртқы дыбысталуы. Мұндай әдісті морфологиялық едіс деп қарастырады. Мысалы, *қымар* деген сөзді алайық. Бірінші мағынасында *қым*, екінші мағынасында *қымар*, адамды *қымарға* *ату* дегенді ұғындырады. Етістіктен есім жасайтын *-ма*, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе* жұрнақтары арқылы есімдер етістіктің болымсыз түрімен омоним сияқты болып келеді.

Жәрме (етістіктің болымсыз түрі) *жәрме* (зат есім);

Алма (жемістің атауы), *алма* (етістік);

Мағынасы, жасалу жолы басқа кейбір сөздерге бірқатар сөздер сыртқы дыбыстарының өзгеруі, алмасуы арқылы ұқсас болып келеді. Бұл тәсілдің фонетикалық түрін жатады. Мысалы, *Жар*- биік *қаз*, *қабак* деген ұғымды білдіретін сөз болса, *жар*- жолдас, *жабай* мағынасында келеді.

Омонимдердің жасалуы жөнінде К.Ахановтың жүйелеуі мынадай болып келеді:

Омонимдер қалай пайда болған деген сұрақ туады. Олардың пайда болуының бірнеше жолы бар.

1) Кейбір омонимдер сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі арқылы пайда болған. Тілдің даму барысында көп мағыналы сөздің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыс үзіліп, осының нәтижесінде әр басқа екі сөз – омонимдес сөздер жасалуы мүмкін. Көп мағыналы сөздердің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыстың жойылуы нәтижесінде әр басқа сөздердің (омонимдес сөздердің) жасалу тәсілі сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі деп аталады. Мысалы, *Жабға*: 1. Алты айдан асып, бір жылға толмаған құлын (мысалы, Мынау бір көп сауыпқан биенің жабағысы еді. Ғ.Мүсірепов), *жабаға*: 2. Қыстан қалған ескі жүн (Мысалы, Жабағыға тырнағы шықтастай болып ілінді. (Абай)). Осы мысалдардағы жабағы деген екі сөздің шығу тегі

бір. Екеуі де бір сөздің мағыналық жақтан дамып, ол мағыналардың бір-бірінен алшақтауы нәтижесінде жасалған.

2) Тіл-тілдегі бірсыпыра омонимдер сөздердің әр түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбысталуы жағынан сәйкес келеуі нәтижесінде пайда болған.

Фонетикалық өзгерістің нәтижесінде пайда болған омонимдер айқындау үшін, сол омонимдік қатардың құрамындағы жеке сыңарлардың (сөздердің) ертерек кездегі дыбысталу түрі қандай болғанын, тілдің даму барысында оның дыбысталу жағынан қалай өзгергендігін, өзгеріске түсуге қандай заңдылықтар себеп болғанын ашып айқындау қажет.

3) Омонимдер сөздердің түбіріне (немесе негізіне) момимдес аффикстердің жалғануы арқылы жасалады. Түбір сөздерден жасалған омонимдер түбір омонимдер деп аталса, түбірге (немесе негізге) омонимдес аффикстердің жалғануынан жасалған омонимдер туынды омонимдер деп аталды. Қазақ тілінде омонимдер тудыратын аффикстер мыналар:

а) есімдердің –с (-ыс, -іс) аффиксі мен етістіктердің (ортақ етістік) –с (-ыс, -іс) аффиксі. Бұл омонимдес аффикстердің бір ғана түбір сөзге жалғануынан омонимдес, туынды екі сөз – зат есім мен етістік (ортақ етіс) жасалады. Мысалы: Айтым 1 (зат есім), «Садақ бен балаңның айтысы» дегін арқаға мөлім айтыс (М.Әуезов), айтым 2 (етістік). Біздің Садекеңмен айтысар шамалың қайсы. Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болыпсың тосқауыл айтықандым ғой. Айтысты, жеңді дегін сөз емес (М. Әуезов).

Аталған омонимдес аффикстердің жалғануынан жасалған туынды омонимдер әр басқа сөз табына (есім мен етістікке) қатысты болып сөздіктерде олар басқа да омонимдес сөздер тәрізді, әр басқа лексикалық единицалар (сөздер) ретінде талданады. Ортақ етістік жұрнағының (-с, -ыс, -іс) жалғануынан жасалған етістікте ортақ етіс мағынасының болуы әрқашан шарт емес. Мысалы, -іс жұрнағының кір деген түбір етістікке жалғануынан жасалған кіріс (жұмысқа кіріс) деген туынды етістік ортақ етіс мағынасын білдірмей-ақ, аталған түбір етістікке (кір) зат есімнің –іс жұрнағының

жалғануынан жасалған кіріс деген туынды зат есіммен омонимдес бола алады.

ә) есімдердің *-ақ, (-к, -ық, -к)* аффиксі мен етістіктердің *-к, (-к, -ық, -к)* аффиксі. Бұл омонимдес аффикстердің бір ғана түбірге жалғануынан әр басқа екі сөз (есім және етістік), яғни туынды омонимдер жасалады. Мысалы; қыз деген түбір етістікке аталған омонимдес аффикстердің жалғануынан әрі сын есім сөз (мыс., Адам тіліні бұған бір тамаша, өзгеше, қызық сурет тәріздентін. М.Әуезов), әрі етістік сөз (мыс., Осы жайында өзі таңырқай түсіп, қызығып та қарайды. М.Әуезов) жасалған.

4) Кейбір омонимдер кірме сөздер мен төл сөздердің дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде жасалады. Мұндайда, әдетте, кірме сөз дыбыстық өзгерістерге ұшырай, қабылдаушы тілдегі төл сөзбен дыбысталуы жағынан бірдей келеді. Мысалы, орыс тілінен енген *аэра* деген сөз қазақша айтылуында *күр* болып өзгеріп, «*аэра*» деген мағынаны білдіретін *күр* деген төл сөзбен бір омонимдік қатар құрайды. Орыс тілінің *аэросуд* деген сөзі қазақша *болыс* болып өзгеріп, «*көлемтес*» деген мағынадағы *болыс* деген сөзбен дыбысталуы жағынан сәйкес келсе, «*аэри айдаруы*» деген мағынадағы *күрер* деген сөзі *көшір* түрінде айтылып, «1. Бір жерден екінші жерге ауыстыру», «2. Жазылғанды қайталап жазу» деген мағынадағы *көшір* деген төл сөзбен дыбысталуы жағынан сәйкес келіп, омонимдер жасалған.

1.2 Омонимдік құбылыстарға сипаттама.

Лексикалық омонимдерге ұқсас басқа тілдік құбылыстар. Солардың бірі – омофондар (грекше «*phōnos*» - бідей, «*phone*» - дыбыс, дауыс). Омофон дегеніміз айтылуы бірдей, бірақ жазылуы әр түрлі сөздер. Егер омонимдер айтылуы да, жазылуы да бірдей, бірақ мағыналары басқа сөздер болып келсе, ал омофондар тек айтылуы бірдей болғанмен, шын мәнінде омоним емес сөздер, сондықтан олар жазуда әр түрлі таңбаланады. Тіл білімінде омофондардың шын мәнінде омонимдер еместігі ескеріліп, олар кейде жалған омонимдер, кейде сөздердің айтылуындағы ұқсастығына қарап

фонетикалық омонимдер деп аталады. Мысалы: *көмбе* және *көмбе* сөздерінің омофондық сипатына боқталық. «Біреудің ыңғайына көшпеу» мәніндегі болымсыз етістік *көмбе* сөзінің түбіріндегі *к* дыбысы өзінен кейінгі *б* дыбысының арқасымен *м* болып өзгеруі нәтижесінде *көмбе* сөзі *көмбе* болып айтылады. Сөйтіп, ол «меже, мөре» мәніндегі *көмбе* сөзіне айтылуы жағынан ұқсас, омофон болып тұр. Сол сияқты болады сөзі ауыз екі тілде болат болып, тұзшы, ащы сөздері ащы, тұзды болып айтылып, болат (қатты асып металп), дәмді білдіретін ащы, тұзды сөздерімен омофон жасап тұр.

Омофондар тек жеке сөздердің айтылуындағы ұқсастықтан басқа жеке сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуындағы ұқсастықтан да туады. Мысалы:

Ол үлкен театрда отырғандай,
Үнінен найзағайдың оты ұрғандай (Х. Ерғалиев)
Жайпаған күйге жолдарт, сараң жақты,
Кім білмес «Адай», «Серпер», «Сарынжапты».
Алты хат Арабстан ферузасын
Айқара осынау бір сарын жапты (сонкі)
Науқас жан айтты мұны енгіліп-ақ,
Ойда жоқ ендігі сор, ендігі бақ (сонкі)

Омонимге ұқсас құбылыстардың еді бір түрі – омографтар (гр. *Homos* – бірдей, *γραφω* – жазу). Омограф дегеніміз жазылуы бірдей болғанымен, айтылуы бірдей емес сөздер. Олардың айтылуындағы айырмашылық негізінде екпінге байланысты. Мысалы: зат есім алма мен болымсыз етістік алма-ның жазылуы бірдей болғанымен, алғашқысын айтқанда екпін екінші буына түсіп, олардың айтылуы бірдей болмай тұр. Ср. зат есімдер салма, көрме, көрші сөздері мен етістіктер салма, көрме, көрші сөздерінің арақатынасы да осындай.

Омонимдер және оларға ұқсас омофондар, омографтар белгілі бір контексте, әсіресе өлең сөздерде ой ойнақтылығын туғызады. Ақын – жазушылар оларды езіл-қалжың, каламбур жасауға пайдаланады. Мысалы: текстердегі асты сызылған омонимдік қатарды салыстырамыз.

Айналасын жер тұтқан,
Айды батпас демеңіз,
Айнала ішсе тұрсыпмас
Көп суалмас демеңіз. (Бұхар жырау).
Менің атым қой,
Қойшыңды тандап қой,
Қойшыңды тандап қоймасаң,
Қой жынауыңды қой (ауыз әдебиетінен).
Қалқам, жаным, қарағым,
Бетіңе келмес қарағым (С.Торайғыров).
Дәмді аспен қарным тойса деген арман,
Мұшам жоқ ой ойлауға онан арман (соңыкі)

Бірақ Құрышбай тұлғынан болыстық кетпей, елге бостандық бола
қолр ма екен. Соған қарағанда, осылардың «жұриятты» (арабша «азат»,
«бостандық, еркіндік») құр ұлт бола ма деп мұқам (С.Мұқанов)

Тіл-тілдің лексикасында дыбысталу бірдей де, мағынасы әр басқа
сөздер бар. Мысал, Біз 1. Мен деген жіктеу есімдігінің көпше түрі (Мысалы,
Той тойласақ, біз тойласақ, біз тойтайық аясында алтын таңның); Біз 2. Бір
көрсені тесіп, жіпті немесе тарамысты етпазу үшін жасалған үшкір құрал
(Мысалы, Өтірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас (Абай)).

Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер омонимдер
деп аталады.

**II тарау. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің ұқсастықтары
мен айырмашылықтары**

Полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырата білу қажет. Бұларды
бір-бірінен ажырату проблемасы тіл білімінде ете-мөте күрделі мәселе болып
саналады. Сөздіктерді жасауда бірде-бір лексикограф (сөздік жасаудың
маманы) полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырату проблемасына
соқпай өте алмайды. Алайда, полисемия мен омонимияны бір-бірінен

ажырату проблемасы барлық омонимдердің күлпісіне бірдей қатысты емес. Мысалы: «ауаны ішке тартып, сыртқа шығарып тұратын дене мүшесі» деген мағынадағы өкпе сөзі мен «наз, реніш» деген мағынадағы өкпе сөзінің омонимдес сөздер болғандықтан, бұлар полисемиялы оңай ажыратылады. Полисемия мен омонимияны ажырату проблемасының қиындығы полисемантизмді сөздермен ұштасып, жапсарласып жатқан омонимдерге қатысты. Мысалы: «планетаның бір түрі» дегенді білдіретін ай сөзі мен «отыз тәулік уақыт» немесе «жылдың он екі бөлшегінің бірі» дегенді білдіретін ай сөзін полисемантизмді сөз дейміз бе, омонимдес сөздер дейміз бе? Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, «мағыналардың арасында байланыс бар ма, жоқ па?» дегенді айқындаудың қажеттілігі айтылып жүр. Егер мағыналардың арасында байланыс сақталып, аңғарылып тұрса, онда ол мағыналар бір ғана полисемантизмді сөздің әр түрлі мағыналары ретінде тақылады да, мағыналардың арасында семантикалық байланыс үзілсе, бұл күнде ондай байланыс аңғарылмаса, онда ол мағыналар бір сөздің емес, әр басқа сөздердің, яғни омонимдес сөздердің мағыналары ретінде тақылады. Мұндай сөздер сөздіктерде омонимдес сөздер ретінде қаралады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жоғарыда талданған «айтар» омонимдес сөздер ретінде тақылып, төмендегі түрде түсіндірілген:

Ай 1. Зат. Жерді, күнді айналатын, түнде жерге жарық сәуле беретін аспандағы планета. Желсіз түнде жарық Ай, Сәулесі суда дірілдеп (Абай). Қараңғы түн мүлгіген, Қайда біткен жарық Ай. Қып-қыстау кезеңде, Көрінуші ең жарықдай (Лекерев).

Ай 2. Зат. Жылдың он екіден бір бөлшегін көрсететін мезгіл (30 күн). Туған ай тұраған етпен бірдей (мақал). Арада өткен айтар саны бұл күнде есеп емес. Әлі де болса бірер айға асылдаса да болар еді (Әуезов). («Сөздіктір» І томның 17-бетінен).

«Мағыналардың арасында семантикалық байланыс бар ма, жоқ па?» деген сұраққа жауап беру әрқашан оңай бола бермейді. Мұндайда сөздердің (түбірлердің) сөз тудыруға ұйытқы болу мүмкіндігі мен ерекшеліктері

ескерілуі қажет. Мысалы, «Жерді, Күнді айналатын, түнде жерге жарық сәуле беретін аспандағы планета» деген мағынадағы ай сөзінен айшық («өрнек, әшекей» деген мағынада), айдай (айдай жарық, айдай анық), айпы (айпы түн) деген сөздер жасалса, «жылдың он екіден бір бөлшегін көрсететін мезгіл (30 тәулік)» деген мағынаны білдіретін ай сөзінен айпық (бір айпық жол), айлап (айлап жол жүру) деген сөздер жасабылп, сөз тудыруда бұл түбір омонимдер (ай I және ай II) бір-бірімен жақындаспай, әрқайсысы әр бағытта өзінше қызмет етеді. Демек, полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырату үшін, сөздің әр мағынасында туынды сөздердің жасалуына ұйытқы болу ерекшеліктері ескерілуі қажет.

Сөздің семантикалық құрылысы неғұрлым күрделі әрі бай болса, соғұрлым олардың (көп мағыналы сөздердің) тілдегі атқаратын қызметі де күшейе бермек. Әсіресе, көп мағыналы сөздер сөздік құрамдағы синонимдердің көбеюіне үлкен ықпал етіп отырады.

2.1 Омонимдер мен полисемияның ерекшелік тұстары.

Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің сыртқы формасы жағынан бір-біріне ұқсастығы бар. Сөздердің дыбыстық құрылымы жағынан бұлар нақ бірдей деуге болады. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің бір-бірінен өзгешелігі тұтасында емес, мағынасында жатыр. Көп мағыналы сөздердің екі я одан да көп мағынасы болады, бірақ бұлар әр сөз табына емес, бір ғана сөз табына қатысты. Сондықтан көп мағыналы сөздердің бір негізден (тура мағынадан) шыққандығын мағыналардың өзара жақындығынан, ұқсастығынан бірден танып бірте болады. Мәселен, *майда тас*, *майда шөп* дегендерден *ұсақ*, *ұсақ* дегенді ұқсақ, *майда сөз* дегендерден *жұмсақ*, *билеу* дегенді түсінеміз. Ал мінезі *майда* дегеннен сыпайы, жайдары дегенді аңғарамыз. Бұл мағыналар бір ғана сөз табына қатысты болып, бір негізден тарағандығы әрқайқын біліп тұр. Бір сөздің әлденені мағынасы тіліміздегі ауыспалы мағына тудырудың белгілі бір тәсілі (метафора) арқылы жасалғандығын бұлжытпай танымыз.

Омонимдер біркелпі дыбысталып айтылатын, бірақ ұғымы басқа-басқа сөздер тобын білдіреді. Бұлардың білдіретін ұғымы бір сөз табына да, бір сөз табына да қатысты болып дараланып, бөлініп, жарылып тұрады. Мағына жағынан, әр ұғымның өзара жақындығы, ұқсастығы мүлдем сезілмейді. Қайта бір-біріне соншалықты алшақ, көреғар екендігі аңғарылады. Мысалы, Ара 1.Ағаш кесетін жұқа темірден жасалған құрал. 2.Гүл шырынынан бал жинайтын қанатты жәндік. 3.Екі орта, аралық (екі ауылдың ортасы).

Ана 1.Туған шеше. 2.Сілтеу есімдігі (ана жақ, ана жылы, ана бала).

Айым 1.Діни мейрам. 2.Сөзбен ой пікірін білдіру, сөйлеу, деу. 3.Итті айтақтап ірсу үшін айтылатын одағай.

Сонда омоним дегеніміз – түрлі себептермен, дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер болып шығады. Көп мағыналы сөздер омонимнің барлық түрінде тығыз байланысты. Тілдің даму барысында сөздің мағынасында түрлі-түрлі өзгерістер болып жатады. Сөз семантикалық жақтан үздіксіз дамиді келе, мағыналық шеңберін соншама кеңейтіп, әр мағына бір-бірінен өзара алшақтай бастайды. Бара-бара ондай мағыналардың бір негізден шыққандығы мүлдем ұмытылып, тұтасы бірдей, бірақ мағынасы үйлеспейтін омоним сөздер сияқты дербес өмір сүре береді. Міне, осындай шығу тегі, жасалу тұрғысынан полисемия құбылысымен белгілі бір байланысы бар омонимдер ғана көп мағыналы сөздермен өзара ұштасып, бір-бірінен ажыратып бөлуге келгенде қиындық туғырады.

Мәселен, малдың көктемде қырқылатын, не түсетін жүнін қазақ жабғы дейді. Сонымен қатар алты айдан асып, қысқа іліккен құлынды да жабғы деп атаған. Осылардың шығу тегін іздесек, сөз жоқ белгілі бір ұқсастықты табуға болады. алайда, мұндай байланыс қазіргі кезде әбден қашықтап жоғалған, ұмытылған. Бұлардың бір негізден таралғандығы жай кезге қазір байқалмайды да. Сондықтан мұндай сөздерді көп мағыналы сөздер тобынан шығарып, омонимдер тобына ірсу тілде тәжірибеге айналған. Тіл білімінде полисемантизді омонимдерден ажыратудың бірден-бір жолы мағыналық байланыстың сақталуы мен сақталмауын негізгі тірек ету болып саналады.

Егер мағыналардың арасында семантикалық байланыс тақа үзілмей, қалайда сезіліп тұрса, онда мұндай мағыналар бір сөздің әр түрлі мағынасы ретінде қаралып, көп мағыналы сөз деп танылады. Ал егер мағыналардың арасындағы семантикалық байланыс біржола үзіліп, әр мағына өзінше дараланып, бір-бірінен ажыраған болса, ондай сөздер омонимдік сөздер деп қаралады. Әдетте, бір адамның омоним деп таныған жеке бір сөзі екінші біреуге омоним болып көрінбейді де, іс жүзіне келгенде әр түрлі талас-пікірлер туып жатады. Сөздің мағынасына қарап, бірде омоним немесе бірде көп мағыналы сөз деп танудың өзі кейбір күрделі сөздің бірде бөлек, бірде бірге жазылғаны сияқты шартты түрдегі ұғым. Қазақ тілінің түрлі сөздіктерінде, сонымен қатар кейбір зерттеу еңбектерде ай деген сөз бірде омоним, бірде көп мағыналы сөз ретінде қаралып, екі түрлі түсіндіріліп келеді. Демек, бұл сөздің мағыналары әлі күнге тиспақталмағандығын байқатады.

2.2 Омонимдік сөздердің өзгеру, түрлену жүйелеріне байланысты топтастырылуы

Омонимдік қатарға енетін сөздердің өзгеру, түрлену жүйелерінің бір-бірінен қаншалықты дәрежеде сәйкес келуіне қарай омонимдер лексикалық (немесе толық) омонимдер, лексика-грамматикалық (немесе жартылай) омонимдер және аралас омонимдер болып топтастырылады. Енді осылардың әрқайсысына тоқталайық.

1 Лексикалық (немесе толық) омонимдер. Омонимдердің бұл түріне омонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) бір ғана сөз табына қатысты болады да, қалай түрленсе де, ол сыңарлар барлық формаларында бір-бірімен сәйкес келеді. Мысалы, ауаны ішке тартып, сыртына шығарып тұратын «сүше» деген мағынадағы өкпе сөзі мен «реніш, наз» деген мағынадағы өкпе сөзінің екеуі де бір сөз табына (зат есімге) қатысты болып, көптелсе де, септелсе де, тәуелденсе де, - барлық формаларында бір-біріне

сәйкес келуі ескеріліп, кейде олар толық омонимдер деп аталады. Лексикалық омонимді құрастырушы сөздер барлық формаларында лексикалық мағыналары жағынан ажыратылады да, грамматикалық мағыналары жағынан ажыратылмайды. Сонымен, бір сөз табына қатысты болып, қалай түрленсе де, барлық формаларында бір-біріне сәйкес келетін сөздерден жасалған омонимдер лексикалық немесе толық омонимдер деп аталады. Лексикалық немесе толық омонимдерге мынадай омонимдер бола алады:

Дәрі 1. Ауруды емдеу үшін қолданылатын зат. Ол қылған дәрім ашығымның жанына (Абай).

Дәрі 2. Оқтың ішіндегі тұтандырғыш зат. Құр дәрімен атқанға өлмейді екен (Абай).

Сыр 1. Боду. Сырлы ақтың сыры кетсе де, сыны кетпейді (мақал).

Сыр 2. Әркімнің өзіне мәлім, басқаға белгісіз, құпия ой. Балады ұлкен кісідей, сыр сұрап отыр.

Сүз 1. Мүгізде. Әрбірі сүзді, құды қасқырларды (Сұлтаннахмет).

Бұл омонимдік қатарлардың алдыңғылары (дәрі 1 және дәрі 2; сыр 1 және сыр 2) біріншай зат есім сөздерден жасалған. Алдыңғы омонимдік қатарлардың сыңарлары көптелсе де, септелсе де, тәуелденсе де, бір-бірімен барлық формаларында сәйкес келеді де, соңғы омонимдік қатардың сыңарлары көселтше түрінде де, есілтше түрінде де, етіс түрлерінде де барлық формаларында бір-біріне сәйкес келеді.

2. Лексика-грамматикалық (немесе жартылай) омонимдер. Омонимдердің бұл түрінде омонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) әр басқа сөз табына қатысты болады, осыған орай, олар бір формасында (негізгі формасында) бір-біріне сәйкес келіп, басқа формаларында ажырасып кетеді. Лексика-грамматикалық омонимдерге мынадай омонимдер мысал бола алады:

Жала 1 (зат есім). Жала, көмір сияқты, күйдірмесе де күйелейді (мақал).

Жала 2 (етістік). Қуанышып жас балалар маңайда, қызық көріп сөз көбігін жалайды (С.Мұқанов).

Жирен 1 (сыңар есім). Жирен мұртты, аласа ақ сары жігіт басын көтерді (Ғ.Мүсірепов).

Жирен 2 (етістік). Өзі көрген байлардың мінезінен жиренді (Абай).

3. Аралас омонимдер. Бірнеше омонимдес сөздер бір ғана омонимдік қатарға енуі мүмкін. Мұндай көп компонентті омонимдік қатар лексикалық омонимдерді де, лексика-грамматикалық омонимдерді де қамтиды. Аралас омонимдер жоғарыдағы екі топқа жататын омонимдердің қасиетін бірдей қамтиды. Аралас омонимдер әдетте көп сыңарлы болып келеді. Мысалы:

Құр 1. Зат есім. Кізіс үйдің жабыдығы.

Құр 2. Зат есім. Таулы, орманды жерде тіршілік ететін жабайы құс.

Құр 3. Үстеу. Бекер, бос, текше, жат, әшейін.

Құр 4. Етістік. Бір нәрсенің негізін салу, орнату.

Құр 5. Одағай. Жыпыңны шақырғанда не тоқтатарда айтылатын ишарат сөз.

Қорытынды

Полксемия мен омонимияны бір-бірінен ажыратуда мағыналардың арасында семантикалық байланыстың жойылуы немесе жоқтығы кейде негізгі критерий бола алмай қалуы мүмкін. Мысалы, түркі тілдерінде той 1. (зат есім) – той, 2 (етістік); (етістік) және т.б. осылар тәріздес омонимдер бар. Бұл омонимдік қатарлардың әрқайсысының құрамындағы есім сыңар мен етістік сыңар лексикалық мағыналары жағынан бір-бірінен алшақтап кетпейді, бұларда семантикалық бірлік, біртектілік бар. Бұларды омонимдер деп есептеуде негізгі таяныш – омонимдік қатарға енетін сөздердің әр басқа сөз табына (бірінші есімге, екіншісінің етістікке) қатысты болуы. Сөзде лексикалық мағына мен грамматикалық мағына түйісіп бас ырады. Сөз өзінің нақты лексикалық мағынасынан басқа белгілі бір сөз табының мағынасы – категориялық мағынаға ие болады, өзі қатысты сөз табына тән формалармен түрленеді. Осыған сәйкес, жоғарыда аталған көш 1 (зат) – көш 2 (етістік) тілге омонимдер жайында мынаны айтуға болады. Бұлардың лексикалық айырмашылығынан гөрі грамматикалық айырмашылығы басым, бірі зат есімнің категориялық мағынасы – заттық мағынаға ие болады, зат есімге тән грамматикалық категориялармен, формалармен сипатталады, екіншісі етістіктің категориялық мағынасы процессуальдық мағынаға ие болады, етістікке тән грамматикалық категориялар және формалармен сипатталып, бір-біріне грамматикалық қасиеттері мен белгілері жағынан қарама-қарсы қойылады. Осылай болғандықтан, бұлар әр басқа сөздер – омонимдер ретінде танылады.

Сөздердің фонетикалық өзгеріске ұшырап, дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде жасалған омонимдік қатардың құрамындағы сыңарлардың (сөздердің) көне түркі ерте дәуірлердегі жазба нұсқаларда және туыстас тілдердің кейбіреулерінде сақталған.

Қорыта келіп айтарлығы: омоним болатын сөздерді көп мағыналықпен шатастырмау керек. Бірінші, жаңа мағына болған жердің бәрі омоним деп, омоним қатарын көбейтпеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» А., 1997 ж.
2. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» А., 1993 ж.
3. Т.Қордабаев «Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары» А., 1987ж.
4. Н.Р.Сауранбаев «Диалекты в современном казахском языке, Вопросы языкознания» А., 1955 ж.
5. С.Аманжолов «Қазақтың әдеби тілі» А., 1979 ж.
6. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» /Лексика, фонетика/ А., 1975 ж.
7. Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» А., 1966 ж.
8. А.Бісқапов, К.Аханов «Қазақ тілі» А., 1971 ж.